**"Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-08/590 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2023 жылғы 1 маусымдағы № 211 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 2 маусымда № 32669 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-08/590 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12032 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларда:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау тәртібін айқындайды.

Өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға енгізілген

өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты аумақтық бөлімшеге ( көрсетілетін қызметті берушіге), "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар:

ауыл шаруашылығы, орман және сәндік дақылдардың себілетін және отырғызылатын материалына, өсімдіктерге және олардың бөліктеріне (қалемшелер, баданалар, түйнектер, жемістер), сондай-ақ карантиндік объектілерді тасымалдаушы болуы мүмкін басқа да өсімдіктен алынатын кез келген өнімге;

өсімдіктер ауруларын қоздырушылары – тірі саңырауқұлақтарға, вирустарға, бактериялар өсірінділеріне, сондай-ақ нематодаларға, кенелер мен жәндіктерге;

жәндіктердің, өсімдіктер ауруларын қоздырушылардың коллекцияларына, гербарийлерге және тұқымдар коллекцияларына;

карантиндік объектілерді тасымалдағыштар болуы мүмкін ауыл шаруашылығы машиналарына және топырақ өңдеуге арналған құралдарға, көлік құралдарына, ыдыстың барлық түріне, буып-түю материалдарына, өсімдік материалдарынан жасалған өнеркәсіп тауарлары мен бұйымдарына, топырақ құймалары мен үлгілеріне;

почта жөнелтімдеріндегі, жолаушылардың қол жүгі мен багажындағы өсімдік салымдарына;

басқа мемлекеттерден немесе карантиндік аймақтардан келген көлік құралдарына;

өсімдіктен алынатын өнімді өсіретін, дайындайтын, жинайтын, өңдейтін, залалсыздандыратын және өткізетін ұйымдардың, шаруа немесе фермер, үй жанындағы және саяжай шаруашылықтарының аумағына және үй-жайларына;

ауыл шаруашылығы, орман, су және басқа мақсатқа арналған жерлерге;

ішкі сауда объектілеріне, теміржол вокзалдарына, автовокзалдарға, өзен порттарына , айлақтарға, почта операторларының өндірістік объектілеріне;

жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын сақтауына қолданылады.";

25, 26 және 27-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"25. "Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі – № 1 тізбе) осы Қағидаларға 8-қосымшада жазылған.

Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерге әкетуге фитосанитариялық сертификат алу үшін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тиісті аумақтық бөлімшеге (көрсетілетін қызметті берушіге) электрондық нысанда "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы не қағаз түрінде аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті

берушінің) кеңсесіне не "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына ( бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) № 1 тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

26. Фитосанитариялық сертификат немесе оны беруден уәжді бас тарту өтініш тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қағаз түрінде ресімделеді.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде өтінішті қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

27. Көрсетілетін қызметті алушы аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесіне не порталға жүгінген кезде:

1) аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат алуға арналған өтінішті келіп түскен күні (сағат 17:30-дан кейін түскен кезде, өтініш келесі жұмыс күні тіркеледі) тіркейді және оны аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысына қарауға береді, ол өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспекторды тағайындайды;

2) өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор өтініш тіркелген күні ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттартардың толық топтамасын ұсынбаған және ( немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде, аумақтық бөлімше ( көрсетілетін қызметті беруші) өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде, өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор өтініш тіркелген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде карантинге жатқызылған өнімнің фитосанитариялық жай-күйін анықтау үшін карантинге жатқызылған өнімді жете тексеруге барады.

Карантинге жатқызылған өнімді жете тексеру негізінде өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісін ресімдейді.

Морфологиялық белгілері бойынша карантиндік объектілерге, бөтен текті түрлерге, өсімдіктер ауруларының белгілеріне, карантинге жатқызылған өнімдердің карантиндік объектілермен және бөтен текті түрлермен зақымдану белгілеріне ұқсас организмдер анықталған кезде, өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор көрсетілетін қызметті алушының не көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті өкілінің қатысуымен карантинге жатқызылған өнімнің үлгілерін алуды жүзеге асырады және карантиндік объектілерге зиянкестер, өсімдіктер аурулары және арамшөптер үлгілерінің түрлік құрамын белгілеу үшін зертханалық сараптамаға жібереді;

Кейіннен карантинге жатқызылған өнімнің жай-күйіне карантиндік фитосанитариялық сараптама қорытындысын бере отырып, карантиндік

фитосанитариялық сараптама жүргізу үшін үлгілерді алуды карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерге әкетуге фитосанитариялық сертификат алуға өтініш бергенге дейін зертхана мамандары көрсетілетін қызметті алушының не көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті өкілінің қатысуымен жүзеге асырады.

Карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісі негізінде өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор 1 (бір) жұмыс күні ішінде:

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фитосанитариялық сертификатты немесе "e-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесін (бұдан әрі – ББАЖ АЖ) пайдалана отырып, оны беруден уәжді бас тартуды ресімдейді;

дайындалған фитосанитариялық сертификатты немесе оны беруден уәжді бас тартуды аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесіне береді;

3) аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі дайындалған фитосанитариялық сертификатты тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға береді немесе оны беруден уәжді бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күнін, уақытын және орнын көрсете отырып, фитосанитариялық сертификаттың дайын екендігі туралы хабарлама не оны беруден уәжді бас тарту көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Фитосанитариялық сертификатты беруден бас тарту № 1 тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.";

34 және 35-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"34. "Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуді келісу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі – № 2 тізбе) осы Қағидаларға 12-қосымшада жазылған.

Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуге келісуді алу үшін көрсетілетін қызметті алушы тиісті аумақтық бөлімшеге (көрсетілетін қызметті берушіге) портал арқылы электрондық нысанда № 2 тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

35. Карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсатында әкелуге келісім-хат немесе оны беруден уәжді бас тарту өтініш тіркелген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ресімделеді.".

37 және 38-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор өтініш тіркелген күні ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы № 2 тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарға сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған кезде, аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде, өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор өтініш тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 13-қосымшада жазылған биологиялық қауіпсіздіктің әртүрлі деңгейдегі карантиндік объектілері үшін зертханада оқшаулау шарттарының тізбесіне сәйкестігіне зертхананы бақылауды жүзеге асыруға барады. Зертхананы бақылау қорытындысы бойынша өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор келісім-хат жобасын не уәжді бас тарту жобасын дайындайды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін басшылықтың қарауына енгізеді.

38. Аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) басшылығы келісім-хатқа не уәжді бас тартуға қол қояды және аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесіне береді. Аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі тіркейді және портал арқылы көрсетілетін қызметті алушыға келісім-хатты не уәжді бас тартуды электрондық құжат нысанында жібереді.

Карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсатында әкелуге келісім-хат немесе оны беруден уәжді бас тарту аумақтық орган (көрсетілетін қызметті беруші) басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат нысанында ресімделеді.";

40 және 41-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді әкелуге келісім-хатты беруден бас тарту № 2 тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

41. Карантиндік объектілер олардың жүру жолында таралуына жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының аумағына арнайы контейнерлерде (сыйымдылықтарда) әкелінеді.";

47, 48 және 49-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"47. "Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі – № 3 тізбе) осы Қағидаларға 16-қосымшада жазылған.

Қазақстан Республикасының аумағында карантинге жатқызылған өнімді өткізуге арналған карантиндік сертификатты алу үшін көрсетілетін қызметті алушы тиісті аумақтық бөлімшеге (көрсетілген қызметті берушіге) портал арқылы электрондық нысанда № 3 тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

48. Карантиндік сертификат немесе оны беруден уәжді бас тарту өтініш тіркелген сәттен бастап 8 (сегіз) жұмыс сағаты ішінде ресімделеді.

49. Көрсетілетін қызметті алушы порталға жүгінген кезде:

1) аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі карантинге жатқызылған өнімнің Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауға карантиндік сертификат алуға арналған өтінішті келіп түскен күні тіркейді (сағат 17:30-дан кейін келіп түскен кезде, өтініш келесі жұмыс күні тіркеледі) және оны аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысына қарауға береді, ол өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспекторды тағайындайды;

2) өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор өтініш тіркелген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс сағаты ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы № 3 тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде, аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынған кезде, өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор өтініш тіркелген сәттен бастап 8 (сегіз) жұмыс сағаты ішінде:

карантинге жатқызылған өнімнің фитосанитариялық жай-күйін анықтау үшін карантинге жатқызылған өнімді жете тексеруге барады және морфологиялық белгілері бойынша карантиндік объектілерге, бөтен текті түрлерге, өсімдіктер ауруларының белгілеріне, карантинге жатқызылған өнімдердің карантиндік объектілермен және бөтен текті түрлермен зақымдану белгілеріне ұқсас организмдер анықталған кезде, көрсетілетін қызметті алушының не көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті өкілінің қатысуымен карантинге жатқызылған өнімнің үлгілерін алуды жүзеге асырады және карантиндік объектілерге зиянкестер, өсімдіктер аурулары және арамшөптер үлгілерінің түрлік құрамын белгілеу үшін зертханалық сараптамаға жібереді.

Кейіннен карантинге жатқызылған өнімнің жай-күйіне карантиндік фитосанитариялық сараптама қорытындысын бере отырып, карантиндік фитосанитариялық сараптама жүргізу үшін карантинге жатқызылған өнімнің үлгілерін алуды Қазақстан Республикасының аумағында карантинге жатқызылған өнімді тасымалдауға карантиндік сертификат алуға өтініш бергенге дейін зертхана мамандары көрсетілетін қызметті алушының не көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті өкілінің қатысуымен жүзеге асырады;

карантинге жатқызылған өнімді жете тексеру негізінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісін ресімдейді;

карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісінің негізінде өтінішті тіркеген сәттен бастап осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша карантиндік сертификатты немесе ББАЖ АЖ-ны пайдалана отырып, оны беруден уәжді бас тартуды ресімдейді және көрсетілетін қызметті алушыға жібереді.";

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Карантиндік сертификатты беруден бас тарту № 3 тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.";

62-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"62. Астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) сүректі қаптама материалын залалсыздандыру мен таңбалауды жүзеге асыратын объектілерге есепке алу нөмірін беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі – № 4 тізбе) осы Қағидаларға 19-қосымшада жазылған.

Өндіріс объектісіне есептік нөмір беру үшін көрсетілетін қызметті алушы тиісті аумақтық бөлімшеге (көрсетілетін қызметті берушіге) портал арқылы электрондық нысанда не № 4 тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды аумақтық бөлімшенің ( көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесіне, қағаз нысанда ұсынады.";

64-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"64. Көрсетілетін қызметті алушы аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесіне не порталға жүгінген кезде:

1) аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсе жұмыскері өндіріс объектісіне есептік нөмір беруге арналған өтінішті келіп түскен күні тіркейді және оны өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспекторды тағайындайтын аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) басшысының қарауына береді;

2) өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор өтініш берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы № 4 тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде, аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде, өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор:

8 (сегіз) жұмыс күні ішінде карантинге жатқызылған объектінің Бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптардың 9 және 10-бөлімдерінің талаптарына сәйкестігіне қарап-тексеруге барады;

мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер болмаған кезде осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндіріс объектісіне есептік нөмір беру туралы растауды (бұдан әрі – растау) ресімдейді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор көрсетілетін қызметті алушыны өндіріс объектісіне есептік нөмір беруден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 ( үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау өткізу нәтижелері бойынша аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) өндіріс объектісіне есептік нөмір беру туралы растау не уәжді бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Растау немесе уәжді бас тарту көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі не басып шығарылады, аумақтық бөлімше ( көрсетілетін қызметті беруші) басшысының қолы қойылып, мөрмен расталады және аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі, ал көшірмелер уәкілетті органның ведомствосына жіберіледі.";

66-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"66. Көрсетілетін қызметті алушыға есептік нөмір беруден бас тарту № 4 тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.";

79-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"79. Аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші), уәкілетті орган ведомствосы, уәкілетті орган басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

ҚР ӘРПК 91-бабының 4-тармағына сәйкес шағым келіп түскен кезде, аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) оны келіп түскен күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді. Шағымды аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы акт қабылданған, әкімшілік әрекет жасалған кезде, шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібермейді.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес қарауға жатады:

аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші), уәкілетті органның ведомствосы, уәкілетті орган – оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде.

Уәкілетті орган ведомствосының, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 4-тармағымен 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат ал.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезде шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда ( шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.";

1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

6-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

7-қосымша алып тасталсын;

8-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

11-қосымша алып тасталсын;

12-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

14-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

15-қосымша алып тасталсын;

16-қосымша осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

17-қосымша осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

18-қосымша алып тасталсын;

19-қосымша осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

20-қосымша осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Ауыл шаруашылығы министрінің*
*міндетін атқарушы* *Ә. Тамабек*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи
ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін атқарушы
2023 жылғы 1 маусымдағы
№ 211 бұйрығына
1-қосымша

QR-Код

Қазақстан Республикасының
аумағын карантиндік
объектілерден және бөтен текті
түрлерден қорғау жөніндегі
қағидаларға
1-қосымша
Нысан

___________________________________________________________________
(құжатты берген уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің атауы)

**Карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісі**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | _______________ | | | № _________ |
| | (берілген күні) | | | |

Мен, уәкілетті лауазымды адам, ________________________________________
(лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
_____________________________________________________________ шыққан
(елдің атауы)
____________________________________________________________________
_________________________________________________________ келіп түскен
(елдің атауы)
______________________________________________________________ берген
(елдің атауы)
фитосанитариялық сертификат _______________________________________
(фитосанитариялық сертификаттың нөмірі, берілген күні)
экспорттаушы (жөнелтуші): __________________________________________
(ұйымның атауы, мекенжайы)
импорттаушы (алушы): ______________________________________________
(ұйымның атауы, мекенжайы)
карантинге жатқызылған өнімге _______________________________________
(карантинге жатқызылған өнімнің атауы мен саны)
және көлік құралына ________________________________ карантиндік бақылау
(көлік құралының нөмірі)
және қадағалау жүргіздім.
_________________________________________________________ нәтижесінде
(іс-шараның атауы)
анықталды: _________________________________________________________
Карантинге жатқызылған өнімді талдау немесе карантиндік фитосанитариялық немесе зертханалық сараптау
үшін _______________________________________________________________
(тиісті өлшем бірлігінде)
мөлшерінде үлгілер (сынамалар) алынды
Үлгімен жасалатын іс-әрекет: _______________________________________
Мынадай карантиндік фитосанитариялық іс-шаралар белгіленеді: ____________
____________________________________________________________________
Акт жүк иесінің (өкілінің) қатысуымен жасалды: ___________________________
(қолы)

___________________________________________________________

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор:

_______________ ________________________________________________________

(қолы)                  (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Мөр орны

Карантиндік фитосанитариялық
және бақылау және қадағалау актісіне
қосымша

| **Р/с №** | **Карантинге жатқызылған өнімнің атауы** | **Фитосанитари я л ы қ сертификатты ң нөмірі** | **Карантинге жатқызылған өнімнің саны (тиісті өлшем бірлігінде)** | **Алынған орташа үлгілер (сынамалар)** | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | саны | өлшем бірлігі | үлгімен жасалатын іс-әрекет |
| | | | | | | |

Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор

___________ ___________________________________________________________

(қолы)                  (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Мөр орны

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін атқарушы
2023 жылғы 1 маусымдағы
№ 211 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының
аумағын карантиндік
объектілерден және бөтен текті
түрлерден қорғау жөніндегі
қағидаларға
6-қосымша

Нысан

## Фитосанитариялық сертификат

| | | |
|---|---|---|
| **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКА СЫ** | | **REPUBLIC OF KAZAKHSTAN** |

| | |
|---|---|
| **АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ИНСПЕКЦИЯ КОМИТЕТІ** | **MINISTRY OF AGRICULTURE COMMITTEE OF STATE INSPECTION IN THE AGROINDUSTRIAL COMPLEX**<br><br>**QR-Код** |

| | |
|---|---|
| (1) Экспорттаушы және оның мекенжайы<br>Name and address of exporter | (2) ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ СЕРТИФИКАТ<br>PHYTOSANITARY CERTIFICATE<br>№________________________________ |
| (3) Мәлімделген алушы және оның мекенжайы | (4) Кімге: Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұйымға (елі) TO:<br>Plant Protection and Quarantine Organization(s) of (country) |
| | (5) Мәлімделген әкелу пункті<br>Declared point of entry |
| (6) Шыққан жері<br>Place of origin | (7) Мәлімделген тасымалдау тәсілі<br>Declared means of conveyance |
| (8) Өнімнің атауы; орын саны және буып-түюдің сипаттамасы; айрықша белгілер (таңбалау); өсімдіктің ботаникалық атауы<br>Name of produce; number and description of packages. Distinguishing marks and botanical name of plants | (9) Мәлімделген саны<br>quantity declared |

(10) Жоғарыда көрсетілген өсімдіктер, өсімдік өнімдері немесе басқа да карантинге жатқызылған материалдар тиісті ресми рәсімдерге сәйкес зерттелді және/немесе талданды және импорттаушы келісуші тарап мәлімдеген карантиндік зиянкес организмдерден таза деп танылды және реттелетін карантиндік емес зиянкес организмдерге арналғандарын қоса, импорттаушы келісуші тараптың қолданыстағы фитосанитариялық қағидаларына сәйкес келеді деп танылды.
This is to certify that the plants, plant products or other regulated articles described herein have been inspected and/or tested according to appropriate official procedures and are considered to be free from the quarantine pests specified by the importing contracting party and to conform with the current phytosanitary requirements of the importing contracting party, including those for regulated non-quarantine pests

(11) Қосымша декларация
Additional declaration

| | | |
|---|---|---|
| Залалсыздандыру<br>disinflation and/or disinfection treatment | | Берілген жері<br>Place of issue |
| (12) Өңдеу тәсілі /Treatment | | |
| | | Күні |

| | | |
|---|---|---|
| (13) Химикат (белсенді зат)<br>Chemical (active ingredient | (14) Экспозициясы және температурасы<br>Duration and temperature | Date<br>Уәкілетті инспектордың тегі<br>Name of authorizedofficer |
| (15) Концентрация/Concentration | (16) Күні /Date | |
| (17) Қосымша ақпарат/Additional information | | Қолы<br>Signature<br>Ұйымның мөрі<br>Stamp of organization |

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін атқарушы
2023 жылғы 1 маусымдағы
№ 211 бұйрығына
3-қосымша
Қазақстан Республикасының аумағын
карантиндік объектілерден және бөтен
текті түрлерден қорғау жөніндегі
қағидаларға
8-қосымша

## "Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| **1** | **Көрсетілетін қызметті берушінің атауы** | **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциялары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).** |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті беру тәсілдері | Жеке және заңды тұлғалардың ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) өтініштерін қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:<br>1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;<br>2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал);<br>3) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады. |
| | | 1) көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға өтінішті берген сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде. |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 2) карантинге жатқызылған өнімнің мәлімделген партиясының межелі елдің карантиндік фитосанитариялық талаптарына сәйкестігін растайтын, өтініш берілген күнге дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен асырмай берілген карантинге жатқызылған өнімнің жай-күйін карантиндік фитосанитариялық сараптау қорытындысы қоса берілген өтініш көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға берілген сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 5 (бес) жұмыс сағаты ішінде.<br>3) тез бұзылатын карантинге жатқызылған өнімнің (жемістер, жидектер, көкөністер, бақша дақылдары) мәлімделген партиясының межелі елдің карантиндік фитосанитариялық талаптарына сәйкестігін растайтын, өтініш берілген күнге дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен асырмай берілген карантинге жатқызылған өнімнің жай-күйін карантиндік фитосанитариялық сараптау қорытындысы қоса берілген өтініш көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға берілген сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 3 (үш) жұмыс сағаты ішінде.<br>Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Фитосанитариялық сертификат немесе уәжді бас тарту.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру нысаны – қағаз түрінде. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында | Тегін |

| | | |
|---|---|---|
| | көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті берушінің –Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>Көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің – дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13-00-ден 14-30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17-30-ға дейін (көрсетілетін қызметті алушы сағат 17-30-дан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінгенде, құжаттарды қабылдау, тіркеу және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);<br>2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);<br>3) Мемлекеттік корпорация – Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің |

| | | |
|---|---|---|
| | | www.gov.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған. |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгінгенде:<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес нысан бойынша карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерге әкетуге арналған фитосанитариялық сертификатты алуға өтініш;<br>2) карантинге жатқызылған өнімнің жай-күйін карантиндік фитосанитариялық сараптау қорытындысы (бар болса);<br>3) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынатын электрондық құжат және (немесе) көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігін куәландыратын құжат ( жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі).<br>порталға жүгінгенде:<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес нысан бойынша карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерге әкетуге арналған фитосанитариялық сертификатты алуға көрсетілетін қызмет алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>2) карантинге жатқызылған өнімнің жай-күйін карантиндік фитосанитариялық сараптау қорытындысының электрондық көшірмесі (бар болса).<br>Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны |

| | | |
|---|---|---|
| | | туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.<br>Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушының карантинге жатқызылған өнімді жете тексеруге ұсынбауы;<br>2) импорттаушы елдің (экспорт кезінде) талаптарында карантинге жатқызылған өнімде анықталған карантиндік объектілердің болуына жол берілетін жағдайларды қоспағанда, карантинге жатқызылған өнімде карантиндік объектілердің анықталуы;<br>3) импорттаушы елдің (экспорт кезінде) талаптарына сәйкессіздіктің анықталуы;<br>4) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органының лауазымды адамына карантинге жатқызылған өнімнің келуі туралы бірнеше рет (екі және одан көп рет) хабарламау және жете тексеруге ұсынбау, бұл межелі орынның өзгеру жағдайын қоспағанда, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің тиісті мемлекеттік уәкілетті органынан ақпарат алынғаннан кейін отыз күнтізбелік күн ішінде фитосанитариялық сертификатты беруден бас тартуға негіз болып табылады;<br>5) көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;<br>6) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметтерді көрсету |

| | | |
|---|---|---|
| | | үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-08/590 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12032 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>7) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты көрсетілетін қызметті алуды талап ететін оның қызметіне немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;<br>8) көрсетілетін қызметті алушының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге берілетін келісімнің болмауы;<br>9) карантинге жатқызылған өнімді әкетуге тыйым салу және (немесе) сандық шектеулер енгізілді. |
| 10 | Мемлекеттік қызмет, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.<br>Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күнін, уақытын және орнын көрсете отырып, фитосанитариялық сертификаттың дайын екендігі туралы хабарлама не оны беруден уәжді бас тарту көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін |

| | | |
|---|---|---|
| | | қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777 |

"Карантинге жатқызылған өнімді
Қазақстан Республикасынан
тыс жерлерге әкетуге
фитосанитариялық сертификат
беру" мемлекеттік қызметін
көрсетуге қойылатын негізгі
талаптар тізбесіне
қосымша

Нысан

___________________________
(өсімдіктер карантині жөніндегі
уәкілетті орган
___________________________
ведомствосының аумақтық
бөлімшесі)
___________________________
(заңды тұлғаның толық атауы
немесе жеке
___________________________
тұлғаның аты, әкесінің аты
(бар болса), тегі)
___________________________
(бизнес сәйкестендіру нөмірі/
жеке сәйкестендіру нөмірі)

**Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат алуға арналған өтініш**

Қазақстан Республикасынан мынадай карантинге жатқызылған өнімді әкетуге фитосанитариялық сертификат беруді сұраймын:
карантинге жатқызылған өнімнің атауы ___________________________________
__________________________________________________________________________,
көлемі, оның сипаттамасы _______________________________________________
__________________________________________________________________________,
орын саны және орамасының сипаттамасы, айырым белгілері, таңбалануы
__________________________________________________________________________;
Өсімдіктердің ботаникалық атауы (болған жағдайда) _____________________;

Жүк алушы, карантинге жатқызылған өнім жүгін алушының мекенжайы

_________________________________________________________________

_________________________________________________________________;

Карантинге жатқызылған өнімнің межелі орны ________________________

_________________________________________________________________;

Импорттаушы елдің өсімдіктер карантині жөніндегі ұлттық қызметінің өсімдіктер карантині саласындағы талабы ____________________________

_________________________________________________________________

Фитосанитариялық сертификаттың қосымша декларациясында көрсетілуі тиіс мәліметтер ________________________________________________________

_________________________________________________________________;

Залалсыздандыру жүргізілгені туралы мәліметтер: фитосанитариялық талаптарда не келісімшартта (шартта) көзделген карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыру тәсілі _______________________________________

_________________________________________________________________,

карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыруды (фумигациялауды) жүргізу кезінде пайдаланылған пестицидтің атауы ____________________________

_________________________________________________________________,

карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыру (фумигациялауды) жүргізу кезіндегі тұрақты экспозиция ____________________________________,

карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыру (фумигациялау) қандай температурада жүргізілді __________________________________________

карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыруды (фумигациялауды) жүргізу кезінде пайдаланылған пестицидтің концентрациясы ____________________

_________________________________________________________________;

Карантинге жатқызылған өнім туралы қосымша ақпарат ________________

_________________________________________________________________;

Импорттаушы елдің атауы__________________________________________;

Карантинге жатқызылатын өнімнің межелі мекенжайы__________________

_________________________________________________________________;

Көлік түрі, көлік құралының нөмірі, кеменің атауы, тасымалдау түрі _______

_________________________________________________________________;

Карантинге жатқызылған өнімнің жүру маршруты ______________________

_________________________________________________________________;

Тиеп-жөнелту күні, тиеп-жөнелту орны ______________________________;

Карантинге жатқызылған өнімді әкелу болжанатын импортаушы елдің шекаралық пунктінің атауы ____________________________________________

_________________________________________________________________;

Карантинге жатқызылған өнім шығарылған ел _________________________

______________________________________________________________;
Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дұрыс емес мәлімет бергенім үшін жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.
Басшы ___________ __________________________________________
(қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
20 __ жылғы "___" _____________

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін атқарушы
2023 жылғы 1 маусымдағы
№ 211 бұйрығына
4-қосымша
Қазақстан Республикасының аумағын
карантиндік объектілерден және бөтен
текті түрлерден қорғау жөніндегі
қағидаларға
12-қосымша

## "Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуді келісу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

| | | |
|---|---|---|
